



ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ

«RG GOLD» ЖШС
ЖӘНЕ «RG PROCESSING» ЖШС
(РГ ПРОЦЕССИНГ)

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ
САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ

МАЗМҰНЫ

01	МАҚСАТЫ	3
02	ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ	4
03	ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР	5
04	ЖАУАПКЕРШІЛІК	6
	№1 ҚОСЫМША	7
05	ТАНЫСУ ПАРАҒЫ	8

RG Processing» ЖШС (РГ Процессинг)
ДҚУ-№103 бұйрығымен бекітілген
"17.08.2026" ж.

RG Gold» ЖШС
ДҚУ-№118 бұйрығымен бекітілген
"17.08.2026" ж.

01



Осы Қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясат (бұдан әрі – Саясат) Компанияның қызмет ерекшеліктерін ескере отырып әзірленді және Zijin Mining Group компаниясының еншілес ұйымдары болып табылатын «RG Gold» ЖШС мен «RG Processing» ЖШС-нің (бұдан әрі бірлесіп – Компания) геологиялық барлау жұмыстарынан бастап кенішті жабу және жабылғаннан кейінгі мониторингке дейінгі тау-кен өндіру және қайта өңдеу өндірісінің бүкіл өмірлік циклі барысында өз қызметінің экологиялық аспектілерін басқаруға қатысты бірыңғай қағидаттарын, міндеттемелері мен тәсілдерін белгілейді.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ
САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ

МАҚСАТЫ

САЯСАТТЫҢ МАҚСАТТАРЫ:

- 01** Қазақстан Республикасы табиғат қорғау заңнамасының талаптарын, халықаралық стандарттардың (ISO 14001, GISTM, ICMC) талаптарын және Компанияның өз еркімен қабылдаған міндеттемелерін сақтауды қамтамасыз ету.
- 02** Экологиялық менеджмент жүйесі (ЭМЖ) шеңберінде нақты экологиялық мақсаттарды, бағдарламаларды, рәсімдер мен нұсқаулықтарды әзірлеу үшін негіз қалыптастыру.
- 03** Өндірістік қызмет барысында қоршаған ортаны қорғауды, қоршаған ортаның ластануының алдын алуды және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету.
- 04** Компания қызметкерлері, мердігер ұйымдар және өзге де мүдделі тараптар арасында экологиялық міндеттемелер мен жауапкершілікке қатысты бірыңғай түсінік қалыптастыру.
- 05** Қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша Компанияның мемлекеттік органдар, жергілікті қоғамдастықтар және өзге де мүдделі тараптар алдындағы ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз ету.



ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ
САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ

ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

Осы Саясат Компанияның қызметінің барлық түрлеріне, бизнес-процестеріне және өндірістік объектілеріне, оның ішінде геологиялық барлау, кен өндіру, қайта өңдеу, сақтау, тасымалдау, өндірістік объектілерді, соның ішінде қалдыққойманы жабу процестеріне қолданылады.

САЯСАТТЫҢ ТАЛАПТАРЫН САҚТАУ МЫНАДАЙ ТАРАПТАР ҮШІН МІНДЕТТІ:

01 Атқаратын лауазымына және құрылымдық бөлімшесіне қарамастан Компанияның барлық қызметкерлері үшін;

02 Компания объектілерінде жұмыстарды орындайтын немесе қызметтер көрсететін мердігер, қосалқы мердігер және өзге де ұйымдар үшін;

03 Компания аумағындағы олардың қызметіне қолданылатын талаптар бөлігінде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді жеткізушілер үшін.

Осы саясаттың талаптарын сақтау компаниямен ынтымақтастықтың міндетті шарты болып табылады. Саясат талаптарын бұзу компания қызметкерлеріне қатысты тәртіптік ықпал ету шараларының қолданылуына және/немесе мердігер ұйымдармен және жеткізушілермен шарттық қатынастардың тоқтатылуына әкеп соғуы мүмкін.

Саясат көпшілікке қолжетімді құжат болып табылады, барлық мүдделі тараптар мен компания қызметкерлерінің назарына жеткізіледі және өзектілігі тұрақты түрде қамтамасыз етіледі.

03



ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ
САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ

ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

01 ҚОРШАҒАН ОРТА

Атмосфералық ауаны, Жердің озон қабатын, жерүсті және жерасты суларын, жерді, жер қойнауын, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін, сондай-ақ климатты және олардың өзара байланысын қамтитын табиғи және жасанды объектілердің жиынтығы.

02 ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТ

Компания қызметінің, өнімінің немесе көрсетілетін қызметінің қоршаған ортамен өзара әрекеттесетін немесе өзара әрекеттесуі мүмкін элементі.

03 ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ

Экологиялық саясатты әзірлеу және іске асыруға, экологиялық аспектілерді басқаруға және экологиялық мақсаттарға қол жеткізуге арналған Компанияның басқару жүйесінің бір бөлігі.

04 ҚАЛДЫҚТАРДЫ САҚТАУ ҚОЙМАСЫ

Пайдалы қазбаларды байыту қалдықтарын (қойыртпақ қалдықтарын) қабылдауға және сақтауға арналған гидротехникалық құрылыс.

05 ӨНДІРІСТІК ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ

Шаруашылық қызметті жүзеге асыру барысында экологиялық заңнама талаптарының және экологиялық рұқсат шарттарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Компания жүзеге асыратын іс-шаралар жүйесі.

06 ҮЗДІК ҚОЛЖЕТІМДІ ТЕХНИКАЛАР (ҮҚТ)

Экономикалық және техникалық тұрғыдан қолдануға болатын жағдайда қоршаған ортаға теріс әсердің ең төмен деңгейін қамтамасыз ететін технологиялар, жабдықтар және өндіріс әдістері.

07 РЕКУЛЬТИВАЦИЯ

Бұзылған жерлерді кейіннен нысаналы мақсатта пайдалану үшін қалпына келтіруге бағытталған жұмыстар кешені.

08 МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР

Компанияның қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметі әсер етуі мүмкін жеке және заңды тұлғалар, мемлекеттік органдар, жергілікті қоғамдастықтар және өзге де субъектілер.

ҚР	Қазақстан Республикасы;
ISO 14001	Экологиялық менеджмент жүйелеріне арналған халықаралық стандарт;
ICMC	Цианидтерді басқару жөніндегі халықаралық кодекс;
РШТ	Рұқсат етілетін нормативтік төгінді;
ҚОӘБ	Қоршаған ортаға әсерді бағалау;
MSDS	Материалдың қауіпсіздік паспорты;
ЭМЖ	Экологиялық менеджмент жүйесі;
GISTM	Қалдықтарды сақтау қоймаларын басқару жөніндегі жаһандық салалық стандарт;
ӨЭБ	Өндірістік экологиялық бақылау;
ҮҚТ	Үздік қолжетімді техникалар;
TCFD	Климаттың өзгеруіне байланысты қаржылық ақпаратты ашу жөніндегі жұмыс тобы;
BAT/BAP	Үздік қолжетімді әдістер мен практикалар.

04

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ
САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ

ЖАУАПКЕРШІЛІК

БАС ДИРЕКТОР:

- Осы Саясатты бекітеді;
- Саясаттың іске асырылуына толық жауапты болады;
- Саясатты іске асыру үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз етеді;
- Қоршаған ортаны қорғау мәселелерін басқаруға жеке өзі қатысады және Компаниядағы экологиялық мәдениеттің стандарттарын қалыптастырады.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ БӨЛІМІ:

- Компанияның барлық өндірістік объектілерінде Саясат талаптарының орындалуына әдістемелік басшылықты, үйлестіруді және бақылауды жүзеге асырады;
- Осы Саясаттың иесі болып табылады, оны Компанияның ресми ақпараттық ресурстарында орналастырады және Саясатты қайта қарауға бастамашылық етеді.

ӨНДІРІСТІК БӨЛІМШЕЛЕРДІҢ БАСШЫЛАРЫ, КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ, МЕРДІГЕР ЖӘНЕ ҚОСАЛҚЫ МЕРДІГЕР ҰЙЫМДАР:

- Өздеріне жүктелген функцияларды орындау кезінде осы Саясатта белгіленген міндеттемелерді сақтайды.



**ОСЫ САЯСАТТЫҢ
ӨЗЕКТІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ
ЕТУ ЖӘНЕ ОНЫ ІСКЕ АСЫРУ
ЖӨНІНДЕГІ ЖАУАПКЕРШІ-
ЛІК КОМПАНИЯНЫҢ БАСҚА-
РУ ДЕҢГЕЙЛЕРІ АРАСЫНДА
ТӨМЕНДЕГІДЕЙ БӨЛІНЕДІ:**



«RG Gold» ЖШС және «RG Processing» ЖШС (бұдан әрі – Компания) Zijin Mining Group компаниясының еншілес ұйымдары болып табылады, құрамында алтыны бар кендерді өндірумен және өңдеумен айналысады және қоршаған ортаның қауіпсіздігін геологиялық барлау жұмыстарынан бастап кенішті жабу және жабылғаннан кейінгі мониторингке дейінгі өндірістік қызметтің барлық өмірлік цикліндегі стратегиялық басымдық ретінде қарастырады. Осы Саясат Компанияның қоршаған ортаны қорғау саласындағы міндеттемелерін, оның ішінде заңнама талаптарын сақтауды, ISO 14001 стандартының талаптарын орындауды, климаттың өзгеруіне ден қоюды, су ресурстарын басқаруды, бұзылған жерлерді рекультивациялауды, биоалуантүрлілікті сақтауды, эмиссияларды басқаруды және қалдыққойманы басқаруды айқындайды. Саясат экологиялық мақсаттар мен бағдарламаларды әзірлеуге негіз болып табылады, Компанияның барлық қызметкерлеріне және мердігер ұйымдарға қолданылады әрі көпшілікке қолжетімді.

КОМПАНИЯНЫҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

ЗАҢНАМА ТАЛАПТАРЫН САҚТАУ

- Қазақстан Республикасы табиғат қорғау заңнамасының талаптарын сақтау және экологиялық рұқсат талаптарын орындау;
- ISO, ICMS және Қалдыққоймаларды басқару жөніндегі жаһандық салалық стандарттың (GISTM) талаптарын қоса алғанда, халықаралық ерікті міндеттемелерді қабылдау және орындау.

КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ

- Париж келісімінің мақсаттарын ескере отырып, 2040 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу;
- Энергия тиімділігін арттыру және жаңартылатын энергия көздерін пайдалануға басымдық беру.

СУ РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУ

- Айналымдағы сумен жабдықтау жүйесіне басымдық беру және табиғи су көздерінен алынатын тұщы су көлемін барынша азайту;
- Төгінділер орындарындағы су сапасына мониторинг жүргізу және рұқсат етілетін нормативтік төгінділер (РШТ) жобасының талаптарына сәйкестігін бақылау;
- Компания объектілерінің және жақын маңдағы елді мекендердің ықпал ету аймақтарында жерүсті және жерасты суларының ластануына жол бермеуді қамтамасыз ету.

ЭМИССИЯЛАРДЫ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ЛАСТАНУДЫҢ АЛДЫН АЛУ

- Эмиссияларды есептеудің бекітілген әдістемелеріне сәйкес эмиссияларға тұрақты мониторинг жүргізу, оларды түгендеу және нормалау;
- Кендерді өндіру және өңдеу кезінде топырақтың, ауаның және судың ластануына жол бермеу, нормативтен тыс эмиссиялар мен қалдықтарды орналастырудың алдын алу;
- Қауіпті химиялық заттарды қауіпсіз сақтау және бақылау.

БАСШЫЛЫҚТЫҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

Компанияның жоғары басшылығы осы Саясатты іске асыру үшін толық жауапкершілікті өзіне алады, оны іске асыруға қажетті ресурстармен қамтамасыз етеді, Саясат талаптарының Компанияның барлық қызметкерлері мен мердігер ұйымдары тарапынан сақталуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ Компания қызметінің экологиялық көрсеткіштерін жақсарту мақсатында экологиялық менеджмент жүйесін үздіксіз жетілдіру жөніндегі міндеттемені өзіне қабылдайды.

ҚАЛДЫҚҚОЙМАНЫ БАСҚАРУ

- Халықаралық GISTM стандартына сәйкес қауіпсіз жобалау, салу және пайдалану, сондай-ақ үздік қолжетімді әдістер мен практикаларды (BAT/BAP) қолдану;
- Бақылау ұңғымаларында (CN), pH және экологиялық рұқсатта көзделген өзге де көрсеткіштер бойынша) тұрақты мониторинг жүргізу, жыл сайын тәуелсіз геотехникалық аудит өткізу;
- Рекультивация бойынша қаржылық кепілдіктерді қамтамасыз ету, авариялықпен қою жоспарын әзірлеу және жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимылды ұйымдастыру.

БҰЗЫЛҒАН ЖЕРЛЕРДІ РЕКУЛЬТИВАЦИЯЛАУ ЖӘНЕ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

- Бұзылған аумақтарды «әзірлеумен қатар жүргізілетін рекультивация» қағидаты бойынша кезең-кезеңімен қалпына келтіру;
- Топырақтың құнарлы қабатын алу, сақтау және нысаналы мақсатта пайдалану, сондай-ақ кенішті жабу жоспарларын пайдалану кезеңдерінің барлығында жобалау құжаттамасына енгізу.

БИОАЛУАНТҮРЛІЛІКТІ САҚТАУ

- Компания қызметін жүзеге асыратын өңірдегі өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтауға жәрдемдесу.

ПЕРСОНАЛДЫҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ

- Корпоративтік экологиялық мәдениетті қалыптастыруға және дамытуға белсенді ықпал ету, қызметкерлердің экологиялық білімдері мен дағдыларының деңгейін тұрақты түрде арттыру.

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

8



ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ

«RG GOLD» ЖШС
ЖӘНЕ «RG PROCESSING» ЖШС (РГ ПРОЦЕССИНГ)